



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 26 (877) 3 шілде 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi

https://vk.com/Magzhan zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПАРЛАМЕНТ

ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕҮНЕТАҚЫ, ЖӘРДЕМАҚЫ СТІПЕНДИЯ ӨСТІ

Парламенттің үшінші сессиясы өз жұмысын аяқтады. Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов сессия қорытындысы бойынша елде атқарылған ауқымды реформаларды, заңнамалық бастамаларды және парламенттік жұмыстың жаңа сапасын егжей-тегжейлі баяндап берді.

Жүйелі реформалар кезеңі:

Парламент жаңа міндеттерге бейімделді

Ерлан Қошановтың айтуынша, қазіргі шақырылым Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын заңнамалық деңгейде іске асырып келеді. Депутаттық корпус осы кезеңде бастамашыл әрі халық мүддесіне бағытталған заң шығару қызметімен ерекшеленді.

Үш жаңа кодексі

1. Салық кодексі – әділетті салық жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Көп табыс тапқан азаматтар көбірек салық төлейтін прогрессивті шкала енгізілді, ал табысы аз тұрғындарға жеңілдіктер қарастырылды. ҚҚС мөлшерлемесі 12%-дан 16%-ға дейін өсті.

2. Бюджет кодексі – өңірлерге бюджеттік дербестік беріп, қаржының тиімді әрі әділ бөлінуін қамтамасыз етті. Бюрократияны азайтып, рәсімдер мерзімі екі есе қысқарды.

3. Су кодексі – су тапшылығы мәселесін жүйелі шешуге арналған. Суды үнемдеу, қайта пайдалану технологиясы, және судың ысырабын азайту механизмдері енгізілді.

Әлеуметтік қолдау – басты басымдық

Парламент әлеуметтік салаға ерекше назар аударды. Бұл сессияда:

- Зейнетақы 6,5–8,5%-ға өсті;
- Қырқүйектен бастап стипендия тағы көтеріледі;
- Жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер көлемі артты;
- Жаңа «Келешек» жинақ жүйесі енгізілді – қаражатты білімге не баспанаға жұмсауға болады;
- Қызметтің міндетін өтеу кезінде қаза тапқан құқық қорғау қызметкерлерінің отбасына жәрдемақы төлеу шешілді.

Денсаулық сақтау – жалпыға ортақ қамқорлық

Биыл барлық азаматқа сақтандыру мәртебесіне қарамастан медициналық көмек беріледі. Онкологиялық скрининг мемлекеттік көмек пакетіне енді. Есту қабілеті төмен балаларды протезбен қамту қолға алынды.

Қаржы қауіпсіздігі және азаматтардың құқықтарын қорғау

- Несие алу тәртібі өзгерді – 24 сағат «ойлану» кезеңі енгізілді;
- Әскери қызметтегілерге несие беруге тыйым салынды;
- Онлайн несие алудың қауіпсіздігі күшейтілді;
- Қарызын төлеуге шамасы жоқ топтарға – 3 айлық шегеру мүмкіндігі берілді.

Құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік

- Қыз алып қашуға қарсы қылмыстық жауапкершілік заңмен бекітілді;
- Кибералақтық пен дропперлерге қатысты жаза күшейтілді;
- Есірткіге байланысты қылмыстар сараланып, ауыр жаза есірткі өндірушілерге бағытталды;
- Лудоманиямен күрес: букмекерлерге жарнама жасауға тыйым салынды.

Реформалық рақымшылық пен сот әділдігі

Конституцияның 30 жылдығына орай рақымшылық жарияланып, 2 мың адам бостандыққа шығатын болды. Жалпы рақымшылыққа 15 мың адам ілгінде. Сонымен қатар, Жаппай кассация жүйесі енгізілді – азаматтарға Жоғарғы Сотқа тікелей жүзін мүмкіндігі ашылды.

Бұл – сот төрелігіне сенімді артыруға бағытталған шешім.

Ұлттық қауіпсіздік пен әскери реформа Қазақстан армиясына қатысты 4 заң қабылданды; Сарбаздардың жағдайы мен мәртебесін арттыру, әскери-патриоттық тәрбиеге ерекше мән берілді.

Халықпен кері байланыс: ашық Парламент

- 625 депутаттық сауал жолданды;
- Депутаттар 1200 кездесу өткізіп, 500-ден астам елді мекенді аралады;
- Мәжілістің қоғамдық қабылдауына 2000-нан астам азамат жүгінген;
- 30 мыңнан астам жазбаша өтініш қаралды.

Үкіметпен жұмыс – жетістіктер мен сын

Ерлан Қошанов Үкіметпен бірлескен жұмыстың кейбір кемшіліктеріне де тоқталды:

- Қосымша қаржы талап ететін ұсыныстарға Үкімет қорытындысы кешігіп түседі;
- Заң жобаларына түзетулер отырыс күні келіп жатады;
- Министрліктер өз міндетін депутаттар арқылы шешуге тырысады.

Болашақта бұл кемшіліктерді бірлесіп жою көзделіп отыр.

Халықаралық аренадағы қадамдар

- Парламент 39 халықаралық шарт пен келісімді ратификациялады;
 - 307 халықаралық іс-шараға қатысты;
 - ТүркіПА отырысында Астана декларациясы қабылданды, Қазақстан төрағалыққа кірісті;
 - Жас дін лидерлері форумы алғаш рет өтті;
 - Президенттің бейбітшілік миссиясын қолдауға бағытталған парламенттік дипломатия белсенді жүргізілуде.
- Парламент ел дамуының жаңа кезеңінде мемлекеттік саясатты заңнамалық тұрғыдан нақты жүзеге асыратын институт ретінде қалыптасты. Мәжіліс төрағасы келесі сессияда осы басталған реформалар жалғасатынын, қоғам сұранысын өтеу үшін депутаттар барлық күшін жұмылдыратынын мәлімдеді.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ОБЛЫСТЫҢ ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

28 маусым - Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Петропавл қаласында салтанатты шара өтті. 60-тан астам журналист түрлі марапатқа ие болды. Бұл - ақпарат кеңістігін дамытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқан медиа саласы мамандарының тынымсыз еңбегіне берілген зор құрметтің көрінісі.



Өңір журналистерін кәсіби мерекелерімен құттықтаған облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов жүрекжарды тілегін айтып, журналистер – билік пен қоғам арасындағы алтын көпір ретінде халыққа маңызды және өзекті ақпаратты жеткізетінін, қоғамдық пікір қалыптастыратынын, азаматтардың сенімін нығайтатынын атап өтті.

– Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында облыс тұрғындары туралы өлкенің жетістіктері, проблемалары мен келешегі туралы үнемі хабардар болып отырады. Барша медиа қауымдастығына шабыт, креативті идеялар, жарқын материалдар және ризашылық танытатын оқырмандар мен көрермендер тілеймін. Бірлесіп, өңіріміздің дамуына үлес қосып, ашықтықты, диалогты және қоғамдық сенімді нығайта беретінімізге сенемін, – деді өңір басшысы Ғауез Торсанұлы.

Аталмыш салтанатты жиында біздің ауданның қарт басшылығы – «Вести» газетінің шеф-редакторы Ольга Владков Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның Құрмет грамотасына ие болды.

РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ



28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай аудан өкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шеріпов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжинов, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының м.а. Айгүл Абсалықова, жастар ресурстық орталығы директорының м.а. Нұрқасым Жанпейісов «Газета «Вести» ЖШС редакциясына келіп, сала ардагерлерімен және қызметкерлерімен кездесті.

Кездесу барысында аудан өкімінің орынбасары бұқаралық ақпарат саласының өкілдерін кәсіби мекелерімен құттықтап, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, қоғамдық-саяси өмірінің сан саласындағы жаңалықтарды, өзгерістер мен өзекті мәселелерді көтеріп, осы бағытта қалтқысыз еңбек етіп жүрген сала қызметкерлеріне алғысын жеткізді.

Сондықтан Сіздердің кәсіби еңбектеріңіз арқылы ауданымыздағы оң өзгерістер мен жетістіктер кеңінен насихатталып келеді.

Құрметті редакция ұжымы, мерейлі мереке құтты болсын! Жазарларыңыз көп, қаламдарыңыз қуатты, сөздеріңіз өтімді, еңбектеріңіз жемісті болсын! Сіздерге шабыт пен шығармашылық табыс, бақыт және отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді аудан өкімі Рахат Смағұловтың құттықтауын жеткізген Азамат Сайранұлы.

Мерекелік шара соңында ауданның медиа саласына үлес қосып жүрген редакция ұжымдарына Алғыс хаттар табысталды.

АУДАННЫҢ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ



30 маусым күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аудан әкімдігінің отырысы өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты.

Отырыс басталар алдында Рахат Смағұлов аудан активіне аудан әкімі аппаратының жаңа басшысын таныстырды. Бұл лауазымға аудан әкімінің өкімімен Жаслан Әсетұлы Қожахметов тағайындалды.

Жаслан Әсетұлы 1990 жылы 9 желтоқсанда дүниеге келген. Омбы мемлекеттік педагогикалық университетін бітірген. «Солтүстік» ӘКК «Ұлттық компаниясы» АҚ «Инвесторларға қызмет көрсету орталығы» директорының орынбасары, «Солтүстік» ӘКК «Ұлттық компаниясы» АҚ «Инвесторларға қызмет көрсету және инновацияларды қолдау орталығының» директоры, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы футбол федерациясының төрағасы қызметін қоса атқарған.

Содан кейін күн тәртібіне шығарылған «Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеу, салу және реконструкциялау барысы туралы», «Егіс жұмыстарын аяқтау туралы» екі сұрақ қаралды.

Бірінші мәселе бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының м.а. Сайран Мәжитов баяндама жасады. Оның айтуынша, аудан аумағында жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 78,9% құрайды.



2025 жылы автомобиль жолдарын жөндеуге 1 806 362,5 мың теңге бөлініп отыр. Облыстық бюджеттен - 1 724,3 мың теңге. Жөндеу жұмыстарының қорытындысы бойынша жолдарды 82%-ға дейін жақсарту күтілуде.

Аудан әкімі тиісті қызметтерге аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарының барысын бақылауды күшейтуді, жынысөзектерді іріктеу, асфальт-

бетон жабынының материалдарын сараптау жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Егіс жұмыстарының аяқталуы туралы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Әлібай Құсайынов ақпарат ұсынды. Ол ағымдағы жылы аудан ақпандары егіс науқанына жақсы дайындалып, көктемгі егу жұмыстары ойдағыдай өткенін атап өтті. Тиісінше, қажетті техника уақытында жөнделіп, тұқым материа-

лы дайындалған. Тыңайтқыштар мен ЖКМ уақтылы да сатып алынды. Бұған мемлекеттік қордағы ықпал еткені анық.

Кейбір жерлерде топырақтағы ылғалдың артық болуына байланысты егу уақытын ауыстыруға тура келген кезде қиындықтар болды. Егіс алқабында мол жауын-шашын фермерлерді кейбір бригадаларды екі ауысымдық жұмысқа ауыстыруға мәжбүр етті. Соған қарамастан, ауданның агроқұрылымдары егіс науқанын толық келемде және оңтайлы мерзімде жүргізді.

Қазір ауданда шаруалар жем-шөп дайындау жұмыстарына белсене кірісті. Мамандардың болжауынша, қазір шөп жақсы, оны уақытында шауып, жинап алу керек.

Мәселені талқылағаннан кейін аудан басшысы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөліміне ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп отырып, әр округ бойынша тыңайтқыштарды енгізудің ай сайынғы мониторингін ұйымдастыруды тапсырды.

Шаруашылық бойынша бөлінген топырақтың агрохимиялық жай-күйінің аудандық картасын жүргізу, техниканы жаңарту, жемшөп дақылдарын молықтыру, жемшөпті уақтылы дайындау бойынша ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндiрушiлерiмен жұмыс жүргiзу, ағымдағы жылы минералды тыңайтқыштар енгізу фактісі бойынша округ аумағындағы барлық ауыл шаруашылығы құрылымдарына түгендеу жүргізу міндеттерін қойды. Егіс алқаптарын апробациялау жұмыстарын жүргізу үшін осы салаға білікті мамандарды тарту үшін ауылдық округтерде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет екенін тілге тиек

ЕЛ ТЫНЫСЫ

9 КҮН ДЕМАЛЫС

2025 жылдың шілде айында қазақстандықтар мейрамы мен демалыс күндерін қосқанда 9 күн демалады.

6 шілдеде мемлекеттік мереке Астана күні аталып өтеді. Бұл мереке 2025 жылы жексенбіге сәйкес келеді, сондықтан демалыс 7 шілде дүйсенбіге ауыстырылады.

Бескүндік жұмыс аптасында: 5, 6 және 7 шілде – демалыс.

Алтыкүндік жұмыс аптасында: 5-і жұмыс күні, 6 және 7 шілде – демалыс.

КІМ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТЕДІ?
Шілде айында кәсіби мерекелер бар. Олар жұмыс күндері болса да, салалық қызметкерлер арасында аталып өтеді.

Қазақстандағы кәсіби мерекелер (Қазақстан Республикасының еңбек және өлеуметтік қорғау министрінің орынбасарының 2023 жылғы 17 қарашадағы №480 бұйрығына сәйкес):

2 шілде – Дипломатиялық қызмет күні
6 шілде – Домбыра күні (шілденің бірінші жексенбісі), Көлік қызметкерлері күні (теңіз және өзен келіп саласы)

9 шілде – Су шаруашылығы қызметкерлері күні

10 шілде – Ветеринария мамандары күні

13 шілде – ҰҚК қызметкерлері күні, Балық шаруашылығы қызметкерлері күні (шілденің екінші жексенбісі)

14 шілде – Нотариат күні

20 шілде – Металлург күні (шілденің үшінші жексенбісі)

27 шілде – Сауда қызметкерлері күні (шілденің төртінші жексенбісі).

АСТАНА КҮНІ

2025 жылдың шілде айында қазақстандықтарды өлдегі маңызды мерекелердің бірі – Астана күніне орай қосымша демалыс күтіп тұр. Мереке дәстүрлі түрде 6 шілдеде атап өтіледі.

2025 жылы 6 шілде жексенбіге түсіп тұр. Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға сәйкес, бұл мерекелік күннің демалысы дүйсенбі, 7 шілдеге ауыстыры-

І ШІЛДЕДЕН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРДІ?

Қазақстандықтарды 1 шілдеден бастап қандай өзгерістер күтіп тұрағанына шолу жасаймыз.

лады. Нәтижесінде, қатарынан үш күндік демалыс болады:

5 шілде (сенбі)

6 шілде (жексенбі, Астана күні)

7 шілде (дүйсенбі – ауыстырылған демалыс күні)

Бес күндік жұмыс аптасындағылар үшін:

Демалыс күндері – 5, 6, 7 шілде

Жұмыс күндері – 22 күн

Алты күндік жұмыс аптасындағылар үшін:

Демалыс күндері – 6, 7 шілде

Жұмыс күндері – 26 күн

5 шілде (сенбі) – жұмыс күні

Айта кетейік, Астана күніне орай ел бойынша мерекелік шаралар ұйымдастырылады. Әсіресе елордада түрлі концерттер, көшедегі жәрмеңкелер, фестивалдар мен көрмелер өтеді. Бұл мереке тек ресми күн ғана емес, сонмен қатар елдің дамуы мен бірлігіне арналған үлт мерекесі ретінде атап өтіледі.

ДЕПУТАТТАР КАНИКУЛҒА ШЫҚТЫ

1 шілдеден бастап Парламент палаталарының депутаттары каникулға шықты.

Мәжіліс депутаттарының сөзінше, шілде айының алғашқы 15 күні мен тамыз айының соңғы 15 күнінде депутаттар өңірлерді аралап, халықпен кездеседі.

ШІЛДЕДЕ НЕ ҚЫМБАТТАП, НЕ АРЗАНДАЙДЫ?

2025 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда ұн, май және алкоголь қымбаттайды.

Сауда және интеграция министрлігі 2025 жылғы шілдеден бастап кейбір негізгі өнімдердің минималды көтерме бағаларын жаңадан бекітті. Бұл өзгерістер ұн, есімдік майы, күшті алкогольді шіміктіктер және ашытқы сияқты тауарларға әсер етеді. Са-

ралшылар азаматтарға баға өсуіне дейін қор жинап алу туралы кеңес беріп отыр.

Қандай өнімдер қымбаттайды?

• Ұн (жұмсақ бидай мен спельта ұны)

• Бұрынғы баға: 96,65 т/кг

• Жаңа баға: 139,81 т/кг

• Баға өсімі: шамамен 45%

Бұл – үйдігі нан-тоқаш өнімдеріне тікелей әсер етуі мүмкін.

Күнбағыс майы

• Жаңа баға: 594,04 т/кг

• Баға өсімі: 61,2%

Не арзандайды?

Тауық жұмыртқасы:

• Бұрын: 39,38 т/дана

• Жаңа баға: 37,8 т/дана

• Яғни жалғыз арзандайтын өнім осы.

БАЛАЛАРДЫ КӘСІБИ ОТБАСЫЛАР ҚАБЫЛДАЙ БАСТАЙДЫ

1 шілдеден бастап елімізде отбасыға орналасудың жаңа түрі – «Кәсіби қабылдаушы отбасы» енгізіледі. Бұл уақытша шара балаларға қауіпсіз әрі жайлы үй жағдайын жасауға бағытталған. Қабылдаушы кәсіби отбасылар бір уақытта төрт балаға дейін қабылдай алады. Әрбір балаға жеке көңіл бөлініп, қамқорлық көрсетіледі. Баланың мұндай отбасында болу мерзімі ең көп дегенде алты айды құрайды.

Қабылдаушы кәсіби отбасыларға тек төрт санаттағы балалар ғана орналастырылады:

- жетім балалар;

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- панасыз және қараусыз қалған балалар;

- зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар.

1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

Денсаулық сақтау министрінің жаңа

бұйрығына сәйкес, құжатқа отбасылық қызмет көрсету, емхананы еркін таңдау, медициналық қызметтің аумақтық және пациенттің орналасқан жеріне қарамастан профилактика, диагностика және емделу қызметтерінің қолжетімділігі кіреді.

Яғни, әр адам емхананы тұрғылықты мекенжайына жақын жерден таңдай алады. Тіркелу ЖСН арқылы жүргізіледі.

Сондай-ақ eGov порталы немесе емханаға тікелей жүгіну арқылы рәсімделеді.

ШІЛДЕДЕ ЖАҢА АЙЫППҰЛ КҮШІНЕ ЕНЕДІ

5 шілдеден бастап елімізде ағаштар мен бұталарды жоюға байланысты жаңа өтемақы мөлшерлемелері қолданысқа енгізіледі. Айыппұл енді бір ағаш үшін 80 АЕК-ке дейін, яғни шамамен 315 мың теңгеге жетеді.

Кім қанша төлейді?

Айыппұлдар айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) есептеледі және ағаштың түрі мен жасына байланысты.

2025 жылы 1 АЕК = 3 932 теңге.

Ағаш түрлері бойынша өтемақы сомалары:

Грек жаңғағы, фиштака – 50-ден 80 АЕК-ке дейін → 196 600 – 314 560 теңге (ең қымбат ағаштар)

Самырсын (кедр) – 17-ден 47 АЕК-ке дейін → 66 844 – 184 804 теңге

Қарағай, шырша, балқарағай – 15-тен 45 АЕК-ке дейін → 58 980 – 176 940 теңге

Ағаш теріздес арша (можжевельник) – 14-тен 44 АЕК-ке дейін

Үйеңкі, қарағаш, жөке, көк терек, тал, терек – 10-нан 40 АЕК-ке дейін

Қайың, арша, кедр бұтасы – 12-ден 42 АЕК-ке дейін

Жеміс ағаштары мен бұталары (өрік, шие, орман алмасы және т.б.) – 10-нан 40 АЕК-ке дейін

Сары ақация, теңіз шырғанағы (облепиха), басқа бұталар – 9-дан 39 АЕК-ке дейін → 35 388 – 153 348 теңге.

«ҚЫЗЫЛЖАР - 2025» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ

АУДАН ҚҰРАМАСЫ - АСЫҚ АТУДАН ТҰҢҒЫШ РЕТ ОБЛЫС ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Маусым айының 24-28-ші жұлдызы аралығында Аққайың ауданы Смирново ауылында ұлттық спорт түрлері бойынша «Қызылжар - 2025» облыстық спартакиада болып өтті. Облыстың үздік спортшылары бір аренада бас қосып, ұлттық мұрамыздың айнасы болып табылатын аламан бәйге, жорға жарыс, құнан бәйге, теңге алу, аударыспақ, көкпар, қазақ күресі, жекпе-жек, тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату, қол күрес, садақ ату келесі спорт түрлері бойынша сынаға түсті.

Бұл дүбірлі дода тек сайыс қана емес, руханияттың, бірліктің және дестүрдің жарқын көрінісі болды. Спортшылар жеңіске деген ынта-жігерін танытып, барын салды.

Осы ретте, аудан намысын абыроймен қорғап, үздік нәтиже көрсеткен жерлес спортшыларды мақтаншыпен атап өткіз келеді.

Мәселен, асық ату сайысында Ердеулет Жақсылық, Сансызбай Ғабдуллин және Алтынбек Нығметолла үздік өнер көрсетіп, тұңғыш рет облыс чемпионы атағын жеңіп алды.

Ал аударыспақ жарысында Еркін Сейітовтың бабы мен бағы қатар шауып, ол жұлделі III орынға ие болды.

Қол күрес сайысында 80 кг салмақта өнер көрсеткен Дмитрий Тыртышның чемпион атанса, 70 кг салмақ

дәрежесінде Григорий Каско мен 100 кг жоғары салмақта Нұрсұлтан Смайылов жұлделі II орындарды иеленді, ал 85 кг салмақта қол күрестірген Иван Шевелев III орынды ұтып алды.

Біз жеңімпаздар мен жұлдегерлерді жоғары нәтижелерімен шын жүрегімізбен құттықтаймыз! Сондай-ақ жұлдеге ілікпесе де, лайықты өнер көрсеткен барша аудан құрама командасы мен бапкерлерге ризашылығымыз білдіреміз.

Сіздер - ұлттық спорттың абыройын асқақатқан нағыз батырларсыздар! Алдағы уақытта сіздерге тек жаңа жарқын жеңістер тілейміз!

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



6 ШІЛДЕ - ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

ДОМБЫРА - ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

Домбыра - қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Көне Шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағына береді. Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағынан шамамен 2,5 ғасыр бұрын табылған таста қашалған суреті мен 16 ғасыр бұрын Мысыр еліндегі Нахт қабіріне салынған пішінінен еш өзгермеген. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады.

Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол — қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма — күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке өнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады.

Аспап әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болады. Күй арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Домбыра - сан ғасырлардан бері сырын сақтап, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Дегенмен домбыра әр аймақта әр түрлі болып келеді. Солтүстік, орталық, оңтүстік аймақтарда домбыра көлемі шағын, жеті-тоғыз пернелі болса, Батыс Қазақстан аумағында көздететін домбыра шанағы жұмыр, мойны ұзын, он екі, он төрт пернелі болып келеді.

Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптасқан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған. Домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап тақымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қағу),

Домбыра - қазақ халқының көне заманнан келе жатқан иелі аспабы. Ол - ұлттың рухани жаны, белмысының айнасы. Өз ішектен төзіген күй мен әуен тек музыкалық саз ғана емес, ол - халықтың тарихы, салт-дәстүрі, арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы.



«теріс қақпай» (жоғарытемен) деп аталатын түрлері бар.

Домбыра аспабының екі ішекті түрінен басқа үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, шіңкілдек немесе «Балақай домбыра» деген түрлері бар. Домбыра аспабында халық күйлерін ғана емес, батыс және шығыс классикалық шығармаларын, танымал туындыларын орындауға болады.

Домбыра - қазақтың қасиетті аспабы, құнды байлығы, таптырмас қазынасы. Қазақ пен домбыра егіз ұғым. Күні кешеге дейін әр үйдің төрінде ілулі тұратын ұлттық аспабымыздың күмбірлеген үні бүгінде алыстап бара жатқандай. Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес,

нағыз қазақ - домбыра» деген сөзінің зор мәні бар.

Қазақпендомбыра-егізұғым.Күмбірлеген домбыраның үні батыр-ларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Баршамызға ор-тақ құндылық - домбыраны жан-жақ-ты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Домбыра - қай-таланбас асыл дүние. Қос ішектен тегілген күй мен әуен тек музыкалық саз ғана емес, ол - халықтың тарихы, салт-дәстүрі, арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы.

Сондықтан да домбыраны қазақтың рухани коды деуге толық негіз бар. Домбыраның үні даланың тынысын жеткізеді. Бабаларымыз көшпенді өмір

сүріп жүріп-ақ, осы аспап арқылы ұрпағына өсиет қалдырды, елдің бірлігі мен ерлігін деріптеді. Ежелгі шешірелер мен аңыздар, батырлар жыры мен лирикалық толғаулар осы домбыраның шанағынан сыр шертті. Қазақ тарихындағы Қорқыт, Асан Қайғы, Бұқар жырау, Құрманғазы, Дина сияқты алыптар домбыраны өмірінің серігі етті. Олардың күйлері ғасырлардан ғасырларға өтіп, ұрпаққа мирас болды.

Домбыра - тәрбие құралы. Ол — жасты имандылыққа, тәртіпке, сабырға, еңбекке баулиды. Күй тыңдаған бала елін, жерін сүйеді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренеді. Өйткені күйлердің әрбірінде өмірлік өнеге мен терең мағына жатыр. Мысалы, Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдағанда еркіндікті аңсаған халықтың үні естіледі. Динаның «Науысқысы» арқылы көктемнің лебі мен жаңа өмірге құлшыныс сезіледі. Бұл - ұрпақты эстетикалық және патриоттық тәрбиелеудің ерекше жолы.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан ұлттық құндылықтарға, соның ішінде домбыраға үлкен мән беріліп отыр. Ел Президентінің жарлығымен шілде айының бірінші жексенбісі «Ұлттық домбыра күні» болып бекітілді. Бұл - халқымыздың ұлттық болмысына, мәдениетіне жасалған зор құрмет. Елдің түкпір-түкпірінде домбыра шеруі, күй сайыстары, өнер кештері ұйымдастырылып, жас ұрпаққа домбыра тарту өнері насихатталып келеді. Мектептерде домбыра үйірмелері ашылып, әр отбасыда ұлттық аспаптың қадірі арта түсті.

Домбыра - сәндік бұйым емес, ол — жан дүниенің тілі. Әр қазақ баласының үйінде домбыра ілулі тұруы - ұлттық сананың белгісі. Ол қазақ болып қалуудың бір жолы. Домбыра бар жерде қазақтың үні бар, тілі мен ділі бар, діні мен тарихы бар. Сондықтан біз домбыраны құрметтеу арқылы өзімізді, өз ұлтымызды құрметтейміз.

Қорықпанда, домбыра - біздің рухани кодымыз. Оны сақтау, насихаттау - әрбір азаматтың парызы. Домбыраның үнімен бірге қазақтың үні жасай бермек.

КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІНЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ



30 маусым күні «Достық» демалыс саябағында Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінің түлектеріне диплом табыс ету рәсімі өтті. «Болашаққа жол» атты кешке аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов, колледж студенттері және ата-аналар қатысты.

Салтанатты жиынды колледж директоры Е.Ж. Бәкіров ашып, түлектерге ақ жол тіледі.

Құрметті өріптестер, ата-аналар, түлектер! Бүгін біз дәнекерлеуші, механикатор, аспазшы мамандықтары бойынша диплом алған жас мамандарды үлкен өмірге шығарып салуға жиналды. Студенттер білім ордасының қабырғасында бірнеше жыл бойы білім алып, тәжірибе жинақтай отырып, бүгін бір маман иесі атанып отыр. Бұл ретте біздің ұстаздар қауымының да еңбегі орасан екенін атап өткім келеді. Біздің түлектер барлық қажетті теориялық және практикалық білім мен дағдыларға қол жеткізіп, болашақта сенімді қолданады деген ойдамын. Өйткені біздің коллед-

жде ол үшін барлық жағдай жасалған, сапалы да қажетті білім алу үшін оқулықтар, компьютерлер, сыныптар, ауыл шаруашылығы техникалары мен аспаптар, құрал-саймандар, ең бастысы, тәжірибелі педагогтар бар. Сондықтан ұстаздар қауымына шығармашылық табыс, ал түлектерге сәт-сапар тілеймін, деді Ермек Бәкіров.

Сонымен бірге, Ермек Жәңгірұлы колледждің дамуына үлес қосқан, балаларына демеу болған ата-аналарға ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттар табыс етті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2025 жыл - Жұмыс мамандықтар жылы деп жарияланды. Аудан шаруашылығына қажет

дәнекерлеуші, механикатор, аспазшы мамандықтарын алып шыққан жас мамандар енді ауданның дамуына өз үлестерін қосақ.

Өз сөздерінде аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов пен «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов кезек-кезек сөз алып, колледждің үздік студенттерін Алғыс хаттармен марапаттады.

Құрметті меймандар, біздің ауыл шаруашылығы аудан үшін биыл бітірген түлектер аса қажет екендігін тілге тиек етіп, алдағы өмірлеріне ақ жол тіледі.

Сондай-ақ колледждің оқытушылар ұжымы шәкірттерінің жетістіктерін ерекше атап, олардың болашақта ел игілігіне еңбек ететін білікті маман бо-

латынына сенім білдірді.

Мереке сәтінде түлектердің қуанышы мен алғысы жүздерінен байқалып тұрды. Студенттер ән салып, естеліктерімен бөлісіп, ұстаздарына ризашылықтарын білдіріп жатты. Тіпті, мереке кезінде жас отау құрылып, жас жігіт диплом алған қызға үйлену туралы ұсыныс жасап, жұртшылықты тәнті етті. Осылайша, үлкен өмірге қанат қаққан жас мамандар ұстаздарымен қимастықпен қоштасты. Иә, бұл күн – олардың жаңа өмірге, кәсіби жолға қадам басқан маңызды сәті. Ендеше, барша түлектерімізге жарқын болашақ, ашық жол, табысты еңбек пен рухани биіктер тілейміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.



КӘСІБИ БАҒДАР

2025 ЖЫЛ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы – еңбекке бет бұрған болашақтың мекені!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялауы – ел экономикасының нақты тірегі саналатын техникалық және жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Бұл бастамаға Мағжан Жұмабаев ауданы да белсенді қатысып келеді. Ауданымызда бірқатар іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылуда.

Кәсіптік білім – тұрақты болашақтың кепілі
Булаев қаласындағы кәсіби даярлау және қызмет көрсету колледжі – аудандағы негізгі кәсіптік білім ордасы. Мұнда 160-тан астам студент заманауи мамандықтарды меңгеріп жатыр. Атап айтсақ:

- Тракторист-машинист
- Слесарь-жөндеуші
- Аспаз
- Дәнекерлеуші

Білім ордасында 60-қа жуық білікті оқытушы мен өндірістік оқыту шеберлері жұмыс істейді. Студенттер тек теорияны ғана емес, нақты тәжірибені де меңгеріп, еңбек нарығына даяр маман болып шығады.



Колледж оқушылары WorldSkills сияқты кәсіби шеберлік сайыстарына да белсене қатысады.

Жастарға бағыт – кәсіби бағдар
Жұмысшы мамандықтарын насихаттау

мақсатында ауданда бірқатар маңызды шаралар өтті:

Bulaevo Quiz – аудандық Мәдениет үйінде өткен зияткерлік сайыс жастардың кәсіби таңдауға деген қызығушылығын

арттырды.

Дебат турнирі – мектеп пен колледж оқушылары арасында ұйымдастырылған пікірталас қатысушылар еңбек тақырыбын жан-жақты талқылады.

Кәсіби бағдар күні – 9-сынып оқушыларына арналған кездесу барысында түрлі мамандықтар мен олардың артықшылықтары таныстырылды.

Әлеуметтік қолдау – нақты көмек
2025 жылдан бастап жұмысшы мамандықтарға түсетін студенттердің стипендиясы ұлғайтылды:

Ең төменгі стипендия – 57 000 теңге.
Ең жоғарғы стипендия – 82 000 теңге.
Бұл – жастарды кәсіптік білімге тартуда үлкен мотивация.

Қорытынды
Мағжан Жұмабаев ауданы еңбекке құрметпен қарайтын, нақты іспен үлес қосатын жастарын тәрбиелеуде. Жұмысшы мамандықтары – бұл тек табыс көзі ғана емес, сонымен бірге ел дамуына қосқан үлес.

Болашақ – қолымен, ақылымен, еңбегімен елін өркендететін жастардың қолында!

Нұржанат ШӘРІМОВ,
СҚО Кәсіпкерлер палатасы Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының директоры.



АҚЫННЫҢ ТУҒАН КҮНІ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚША КӘСІБИ БАҒДАР БЕРЕТІН ОЙЫН ҰСЫНЫЛДЫ

Ол: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты», - деп қазақ жастарының бойында отаншылдық рухты оятты.

Осындай жастардың бірі, бүгінгі мектебіміздің қонағы, облыс орталығынан келген, 2024 жылғы республикалық дейгейдегі «Тәуелсіздік ұрпақтары» грант иегері - Әлия Мұратбекқызы Қарақожаева. Ол «Бизнес» бағыты бойынша «КәсібиGO» ойна да таңда» атты мамандық таңдау бойынша қазақ тіліндегі алғашқы кәсіптік бағдар беру үстел ойыны жобасын жүзеге асыруда.

Ақынның туған күніне арналған іс-шарада Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте осы қазақ тіліндегі алғашқы кәсіптік бағдар беру үстел ойыны жобасының тұсауесері сөтті өтті.

Бұл кездесуге аудандық «Мағжан жұлдызы» газетінің шеф-редакторы Еркебұлан Елубаев, Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының прес-хатшысы Мәдина Мұхамедқалиева, жастар ресурстық орталығының маманы Нұрқасым Жанпейісов, сондай-ақ мектептің ұстаздары мен білім алушылары қатысты.

Іс-шара Мағжан Жұмабаевтың туған күнімен тұспа-тұс келгендіктен, Мағжан

Жатымның ұлы перзенті, ұлт ұстазы, жерлес ақын Мағжан Бексұлы Жұмабаевтың туғанына биыл 132 жыл толына тоыпты. Осыған ұрай, ауданда бірқатар маңызды іс-шаралар өтіп, жұртшылық назары ақынның өмірі мен шығармашылығына бағытталды. Оның шығармаларынан терек ұлттық сана, Алаш идеясын жаңымен сүйген азаматтық жүрек түйнісі естіледі.

Жұмабаевтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, мектептің білім алушылары ақын шығармаларын жатқа оқыды.

Ал құрметті меймандар, өз сөздерінде бұл күн - қазақ руханияты үшін аса маңызды екенін атап өтті.

Содан кейін «КәсібиGO: ойна да таңда» атты мамандық таңдау бойынша қазақ тіліндегі алғашқы кәсіптік бағдар беру үстел ойынының таныстырылымы өтті.

Ойын 5-10 оқушыдан тұратын топта, 2 сағаттық сессия түрінде өтеді. Ойынға қатысушылар өздерінің жеке тұлғалық ерекшелігін анықтайды, сұранысқа ие дағдылармен танысады және болашақ мамандығын таңдай алады.

«КәсібиGO» ойынының басты миссиясы - әр жасөспірімге өзін танытуға, қызығушылығын нақтылауға және саналы түрде мамандық таңдауға көмектесу. Бұл -

ұлттық мүдделен үндес, ұрпақ болашағына салынған инвестиция.

Таныстырылым алдында осы жобаның тұсауескер рәсімі мектебіміздің ардагер ұстаздары Гүлсім Хозина мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дөмежан Ысқақоваға табысталды.

Жобаның иесі Әлия Қарақожаева өз сөзінде бұл жобаның шығу тарихы мен оның мектеп оқушыларының мамандық таңдауда тигізетін пайдасы туралы айтып, жан-жақты таныстырды.

Іс-шараның соңында жобаның және «Skills. Дағды білімнен де маңызды...» кітабының авторы Әлия Мұратбекқызы мектебімізге осы ойынның үш данасын және аталған кітаптың 5 данасын сыйға тартты.

«Мамандық таңдау - жасөспірім өміріндегі ең маңызды шешімдердің

бірі. Алайда зерттеулерге сүйенсек, қазақстандықтардың 60%-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді, алоқушылардың 87%-ы мамандықты ата-ана мен мұғалім ықпалымен таңдайды. Бұл жағдайда кәсіби бағдарлаудың жаңа құралдарын жасау қажет. Біз Қазақстандағы әр жасөспірімнің өз жолын тауып, өз таңдауына саналы түрде қадам жасағанын қалаймыз», - деп атап өтті Әлия Қарақожаева.

Бұл ойын Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Алматы облыстарының мектептерінде тегін қолжетімді болады. Жобаның авторы бұл ойынды қолданатын аймақтардың санын көбейткісі келеді. Себебі, жастардың таңдау жасауына ойынның әсері мол дейді ол.

Әлия Мұратбекқызының Солтүстік Қазақстан облысының ішінде біздің Мағжан Жұмабаев ауданы, соның ішінде нақты біздің Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебін таңдауы - біздің ұжым үшін үлкен мәртебе. Сондықтан қадірлі қонағымызға алғыс білдіре отырып, оған денсаулық, табыс пен сәттілік тілейміз.

Жаһар БУХАРБАЕВА,
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп директорының м.а.



ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ОТБАСЫ БАНКІНДЕГІ ДЕПОЗИТТЕРГЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР ҚОЛ СҰҚПАЙТЫН БОЛАДЫ



Отбасы банкінің салымшылары ("Бейтөрек" холдингінің еншілес ұйымы) ақжолтай жаңалық алды. Олардың депозиттері "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" жаңа заңмен қосымша қорғалды.

Аталмыш заңға Мемлекет башысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды.

Енді Отбасы банкідегі үшінші тұлғалардың талаптарын төмендегі депозиттер қорғалған:

- Отбасы банк салымшыларының депозиттеріндегі біржолғы зейнетақы төлемдері (ері қарай-БЗТ);

- аралық және алдын ала заемдар бойынша кепіл түріндегі депозиттер. Бұл дегеніміз, сот орындаушылары үшінші тұлғалардың талабы бойынша нотариустың атқарушылық жазбасы арқылы депозиттегі қаражатқа тыйым сала алмайды немесе қаражатты мәжбүрлі түрде есептен шығара алмайды деген сөз.

Отбасы банкідегі депозиттер – бұл мақсатты жинақ. Олар қолжетімді шарттар бойынша баспана сатып алуға мүмкіндік береді. Егер банк салымшысы аралық немесе алдын ала заем алса, онда оның депозиттегі жинақтары қарыздың бір бөлігіне айналады және осындай кредиттер бойынша кепіл болады.

Бұрын сол орындаушылары кепіл депозитіндегі қаражатты есептен шығарған кезде Банк клиенттері аралық немесе алдын ала қарызды мерзімінде жауып, тұрғын үй қарызына уақтылы ауыса алмады. Бұл өз кезегінде отбасына қарыз жүктемесін арттырды.

Үшінші тұлғаларының талабы бойынша депозиттерден БЗТ есептен шығару да тұрғын үй жағдайларын жақсартуға көдергі келтірді.

Сондықтан, Отбасы банк салымшыларының депозиттерін қорғау – қазақстандықтардың жинақтарын сақтауға, тұрғын үй шығынын болдырмауға және тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Отбасы банкіде 3,2 млн қазақстандық жеке баспанасына қаражат жинауда. Әрбір жарнаның артында біреудің арманы тұр: өз үйін

сатып алу, балалардың болашағын қамтамасыз ету, тұрақтылық пен сенімділікке ие болу. Сондықтан біз әрқашан өз клиенттеріміздің мүдделерін бірінші орынға қоямыз. Олардың әрқайсысына қамқорлық жасау – біздің жұмысымыздың негізі. Күн сайын Отбасы банкінің көмегімен 270 қазақстандық қоныс тойын тойлайды. Азаматтарымыздың көршілері немесе туыстары өз пәтеріне көшкен кезде, бұл тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің тиімділігінің ең жақсы дәлелі болады. Сондықтан біздің азаматтар өз жинақтарын Отбасы банкіне көбірек сеніп тапсырады. Біз мұны сандардан көреміз. 2025 жылдың 6 айында депозиттер бойынша кіріс 546 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 39%-ға көп. Қазір әрбір үшінші жұмыс істейтін қазақстандық Отбасы банкідегі депозитке ақша жинайды, - деп атап өтті Отбасы банк Басқарма төрағасының орынбасары Нұрлан Ақшанов.

Банкпен қарым-қатынас орнатқан көптеген жылдардың ішінде клиенттер өздерінің жақсы дәстүрлерін қалыптастырды.

Мысалы, көптеген салымшылар үшін сәрсенбі "бақытты күн" болып саналады – дәл осы күні банкте несиелер жиі беріледі. Сондықтан оны бейресми түрде қоныстану күні – деп атайды. Сәрсенбіде банк филиалдарындағы барлық келушілерді ұлттық киім киген қызметкерлер қарсы алады. Қамзолда немесе шалпаңда қызмет көрсететін менеджер кәсібилігімен қатар қазаққа тән қонақжайлық танытып, ерекше қамқорлықпен қызмет етеді.

Енді ғана баспаналы болған банк клиенттері де символдық сыйлық – киіз үй немесе домбыра түріндегі салпыншақ алады. Бұл үйді, жайлылықты және әрбір қоныс тойы отбасылық банк тарихының бір бөлігі екенін еске салады.

Отбасы банкінің тағы бір ерекше дәстүрі – "Отбасы шай". Сенбі күндері бөлімшелер мен консультациялық орталықтарда банк қызметкерлері клиенттермен шай ішіп, жылы кездесу ұйымдастырады. Ортақ дастархан үстінде жинақтау мүмкіндіктері туралы әңгіме қозғалып, пайдалы кеңестер беріліп, қолайлы тұрғын үй бағдарламалары туралы ақпарат айтылады.

Бүгінде Отбасы банкінің қолдауы мен тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің сенімділігінің арқасында Қазақстанның 600 000 азаматы өз үйлерінде тұрады.

Өз үйіне апаратын жол Отбасы банкіде депозит ашудан басталады. Оны бірнеше жолмен жасауға болады:

- Отбасы банкінің сайтындағы бейне-қоңырау қызметінің көмегімен;
- Otbası bank мобильді қосымшасында;
- Отбасы банкінің кеңесшілеріне жүгіну арқылы;
- otbasıbank.kz порталдағы жеке кабинетте;
- кез келген бөлімшеде.

Жанар ЖОЛТАЕВА.

ЦИФРЛАНДЫРУ

eGov.kz порталында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау науқаны басталды. Биыл бұл қызмет айтарлықтай жаңартылып, талапкерлер үшін өлдекайда ыңғайлы болды. Өтініш беру жүйесіне жаңа функциялар мен сүзгілер қосылып, оқу орнын жылдам таңдауға, қателіктерді болдырмауға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік берді.

ТАЛАПКЕРЛЕР EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖКЕ ТҮСУГЕ ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

Талапкерлер eGov.kz порталы арқылы колледжге түсуге өтініш бере алады

Абитуриенттері колледжге мүгүт подать заявку на поступление через портал eGov.kz



Енді өтініш беру кезінде талапкер жатақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады. Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі – оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмін енгізілуі. Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту тілі, бағыт және мамандық бойынша. Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі. Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған.

Әр талапкер өтінішті бір рет ғана бере алады, бұл ретте төрт түрлі колледжге дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

- Өтініш беру үшін талапкерге:
- eGov.kz порталында авторизациядан өту қажет;
 - «Білім» бөлімінің «Колледждер» санатын таңдау керек;
 - «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру


ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау қажет;

- барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу керек;
- қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растау қажет;
- қызмет нәтижесі пайдаланушының Жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Қызмет көрсету мерзімі – 3-5 жұмыс күніне дейін. Құжаттарды қабылдау кезең-кезеңімен жүргізіледі және оқу түрі мен білім беру бағдарламасына байланысты. Қабылдау шарттары, құжаттарды тапсыру мерзімдері мен талаптардың толық тізімін еGov.kz порталында қызметтің паспортында танысуға болады.

Қызметті жетілдіру Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білім беру сапасын бағалау орталығының бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.



2025 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар ауылы, тел 3-57-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі - Есжанов Мақсат Қайратұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел 2-63-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округінің әкімі - Табулдинов Марат Камелұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат

09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Конохов ауылы, тел 5-34-32.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі - Поляков Александр Юрьевич әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Таман ауылы, тел 5-28-90, 5-29-31.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-57-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 2-63-36.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округі әкімінің аппарата» КММ - 8(71531) 5-34-32.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-26-16.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-28-90, 5-29-31.




Дүйсенбі, 7 шілде	Сейсенбі, 8 шілде	Сәрсенбі, 9 шілде	Бейсенбі, 10 шілде	Жұма, 11 шілде	Сенбі, 12 шілде	Жексенбі, 13 шілде
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 03.50 Д/Ф. 06.25 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 «АСТАНАНЫҢ АЖАРЫ», Х/Ф. 12.20 Т. ҚАБАТОВТЫҢ КЕШІ. 14.20 М/Ф «АРЫСТАН ПАТША». 16.05 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 21.20 Т/С «АНАМ АНКАРА». 22.45 ЖАЙДАРМАН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.10 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.05 САНА. 03.10 ҚОС ПАЛАТА. 03.30 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 04.20 ЕҢ ДӘМДІ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 17.00, 20.00, 02.20 АҚПАРАТ. 06.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 М/Ф «МАЙЯ». 13.25, 03.55 АТАМЕКЕН. 14.00, 01.30 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 15.50 ЗАМАНДАСТАР. 17.20 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.30 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 22.45 ЖАЙДАРМАН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.10 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.55 САНА. 04.25 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 17.00, 20.00, 02.10 АҚПАРАТ. 06.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 М/Ф «МАЙЯ». 13.25, 03.50 Д/Ф. 14.15, 01.20 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 15.50 ЗАМАНДАСТАР. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 23.05 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.00 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.45 САНА. 04.30 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 17.00, 20.00, 02.15 АҚПАРАТ. 06.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.30 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 М/Ф «МАЙЯ». 13.25, 04.00 АТАМЕКЕН. 14.00, 01.20 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 15.50 ЗАМАНДАСТАР. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 23.05 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.00 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.55 САНА. 05.10 БАУ - БАҚША.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 М/Ф «МАЙЯ». 13.25, 03.30 АТАМЕКЕН. 14.00 БІРЕГЕЙ. 14.50 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 15.50 ЗАМАНДАСТАР. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 23.05 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.00 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.20 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 02.30 САНА. 04.40 ТЕЛЕДӘРІГЕР.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 17.00, 01.50 АҚПАРАТ. 06.35, 04.45 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.55 М/Ф. 07.30 М/Ф «ЛЕО МЕН ТІГ». 08.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 13.30, 03.40 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.00 Т/Х «КУДАША ҚЫЗ». 16.00, 04.05 ЕҢ ДӘМДІ. 16.50, 03.30 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 03.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮП. 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 23.05 «МҮСТАФА ШОҚАЙ», Х/Ф. 02.15 Д/Ф.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.50 М/Ф. 07.30 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.10 КОНЦЕРТ. 09.20, 04.10 ТЕЛЕДӘРІГЕР. 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 02.05 «БАУ-БАҚША». 12.30 С.ИБРАГИМОВТЫҢ ӨН КЕШІ. 13.35, 00.20 «СУДЫҢ СЫЙЫ». 14.10 Т/Х «КУДАША ҚЫЗ». 16.10 «ZAMAN ART». 17.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ТОҚТАР МЕН БЕБИТТІН КОНЦЕРТІ. 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 23.05 «НАРТУГЕЛ». 00.50 «ЗАМАНДАСТАР». 02.05 «БІРЕГЕЙ», Д/Ф. 02.55 «БАУ-БАҚША». 03.25 Д/Ф. 04.40 КҮМІС КӨМЕЙ.

Дүйсенбі, 7 шілде	Сейсенбі, 8 шілде	Сәрсенбі, 9 шілде	Бейсенбі, 10 шілде	Жұма, 11 шілде	Сенбі, 12 шілде	Жексенбі, 13 шілде
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 22.00 Т/Х «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 22.00 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00 Т/Х «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 22.00 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.20 Д/Ф. 12.00 ДӨСТҮР. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.10 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «УКРОЩЕНИЕ СТРОПИТОВОГО», Х/Ф. 14.00 «XXI ФАСЫР КӨНБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 21.00 «УЛИЧНЫЙ БОЕЦ», Х/Ф. 23.00 «ЖЫНЫМ СОЛ-2», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 07.50 КОНЦЕРТ. 09.30 М/Ф. 10.45 М/Ф «ЧУДО-ЮДО». 12.00 «УЛИЧНЫЙ БОЕЦ», Х/Ф. 14.00 КЕШ ЖАРЫҚ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «УКРОЩЕНИЕ СТРОПИТОВОГО», Х/Ф. 23.00 «АУЫЛБАЙСКИЙ УЧАСТКОВЫЙ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 7 шілде	Сейсенбі, 8 шілде	Сәрсенбі, 9 шілде	Бейсенбі, 10 шілде	Жұма, 11 шілде	Сенбі, 12 шілде	Жексенбі, 13 шілде
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.30 ТОЙ БАЗАР. 07.10, 02.30 П@УТИНА. 08.10, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 09.15 «МУЖЧИНА В ДОМЕ», Х/Ф. 10.55 «С ЛЮБИМЫМИ НЕ РАССТАЮТСЯ», Х/Ф. 15.00 QOSLIKE. 18.30, 02.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЧУЖОЙ». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.00 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЧУЖОЙ». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.00 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЧУЖОЙ». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.00 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЧУЖОЙ». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕС. 21.45 «ТАНГО НА ОСКОЛКАХ», Х/Ф. 03.35 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 03.30 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 01.50 «П@УТИНА». 08.50 ПОЕХАЛИ, КАЗАХСТАН! 09.40 «БОЛШЕ, ЧЕМ ВРАЧ», Х/Ф. 13.40 «ГДЕ ЖИВЕТ НАДЕЖДА», Х/Ф. 17.45 Т/С «ХРАНИ МЕНЯ, ДОЖДЬ». 20.00 «ИСЦЕЛЕНИЕ», Х/Ф. 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.15 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 01.20 «П@УТИНА». 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.15 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.05 «ИСЦЕЛЕНИЕ», Х/Ф. 14.05 Т/С «ЖЕМЧУЖНАЯ СВАДЬБА». 18.00 «ВЫХОД», Х/Ф. 20.00 Т/С «ИЩУ МУЖЧИНУ». 00.00 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Мінез-құлық міні — рухани кеселге жатады.
ӘЛ-ФАРАБИ.
Қарап отырма, бір нәрсеге жарап отыр;
кәсіп болмай, нәсіп болмас.
ТӨЛЕ БИ.
Байлық - мұрат емес, жоқтық - ұят емес.
ҚАЗЫБЕК БИ.



С ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ РЕЙДТІК ІС-ШАРАЛАР



Жаздың басталуымен тұрғындар жаздың ыстық күндерін дестүрлі шомылу орындарында белсенді түрде өткізе бастайды, бірақ сонымен бірге олар әрқашан қауіпсіздікке назар аудармайды. Ауданымыздың су айдындарындағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында Мағжан Жұмабаев ауданың төтенше жағдайлар қызметкерлері жергілікті

атқарушы органдармен, сондай-ақ жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырды.

ЕСКЕ САЛАМЫЗ: Белгіленбеген орындарда шомылуға тыйым салынады, су айдындарында балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыздар.

ШӨП ШАБУ НАУҚАНЫНДА ӨРТПЕН ОЙНАМА!



Ауыл аумағында жаппай шөп шабу және егін жинау кезеңінде тұрақты құрғақ ауа райында өрт қаупі өседі. Қазіргі уақытта пайда болған өрттерді анықтау өте қиын, олар қауіпті, себебі қатты жел мен құрғақ ауа райында өрттің жылдамдығы өте жоғары, өртенген өрістерден өрт көршілес жатқан өрістерге, жақын маңдағы ормандар мен гимараттарға дейін жетуі мүмкін.

Өрт шықпау үшін бірқатар іс-шараларды өткізу қажет. Шөп шабудың басталуына дейін менеджер машина операторларына және далалық жұмыстарға жіберілген адамдарға арнап өрт сөндіру жөніндегі нұсқауларды ұйымдастыру керек.

Уақытша далалық лагерлер шабандық алаңынан 100 метр қашықтықта орналасуы керек. Далалық диірмендерге арналған учаскелердің ені кемінде 4 метр жолақпен жер жыртулы керек.

Әрбір комбайн, трактор, автокөлік бастапқы өрт сөндіру жабдықтарымен (екі өрт сөндіргіш, екі үштік күрек, екі сыпырғыш, шелек, 1,5x1,5 метр брезент, ал трактор – бір өрт сөндіргіш, бір үштік күрек) жабдықталуы керек.

Өздігінен жүретін шасси, тракторлар, автомобильдер мен комбайндар қозғалтқыштары қызмет жасап тұрған

ұшқын тоқты және реттелетін қуат, тұтану және майлау жүйелерімен дұрыс жабдықталуы керек.

Шабандық жерлерде және шөп пен шөп өсіру аудандарында «Шылым шөгетін орын» деген сөзі жазылған арнайы бөлінген орын болу керек.

Шабандық жерлерде және олардың жанында ашық отты қолданумен, сондай-ақ шөп пен сабанның шөптерінің жанында шылым шөгуге қатаң тыйым салынады.

Өрт болған жағдайда, ауыл шаруашылығы дақылдарының массивтерін сөндірудің негізгі әдістері: - өртенген жерлерден трактор соқаларымен жыртып өту;

- өртенген жерлерді сыпырып тастау немесе отты сыпырғыштармен сөндіру;

- өрт аумағын немесе өрттің алдыңғы бөлігінің алдындағы шөпті шабу және минералды жолақтар жасау.

Үлкен аумақты және күшті желмен таралған өрт жағдайында, сөндірудің негізгі тәсілі - минералды тосқауыл сызығын құру. Оны құру өрт алдында аяқталуы керек. Негізгі күштер өрт бойында шоғырлануға тиіс.

АСТЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ӨРТТЕН САҚТАҢЫЗ!

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

Жаңа жеке куәлікті енді толықтай онлайн рәсімдеуге болады. eGov.kz порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында құжатты қашықтан қайта рәсімдеуге мүмкіндік беретін пилоттық жоба іске қосылды. Бастама Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бірлесіп жүзеге асырды.

ЖЕКЕ КУӘЛІКТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ



- Қызметті eGov.kz порталында қалай алуға болады?

- Қызметке тапсырыс беру үшін eGov.kz электрондық үкімет порталында авторизациядан өтіп, қажетті қызметті таңдап, биометриялық сәйкестендіруден өту, мәліметтерді толтыру, қол қою әдісінің бірі арқылы өтінімді растау және мемлекеттік баж салығын банк қосымшасы арқылы төлеу қажет.

- Қызметті eGov Mobile мобильді қосымшасында қалай алуға болады?

- Мобильді қосымша арқылы өтінім беру үшін қосымшада авторизациядан өту, тиісті қызметті таңдап, биометриялық сәйкестендіруден өту, қажетті деректерді толтыру, құжатты алу орнын көрсету, мемлекеттік баж салығын төлеу және өтінімді Face/Touch ID арқылы растау қажет.

- «Жеке куәлік пен паспортты беру» қызметін кімдер пайдалана алады?

- Бұл қызметті тек жеке куәлік иесі ғана ала алады. Басқа адамның атынан, тіпті сенімхат немесе қамқоршылық негізінде де өтінім беру мүмкін емес.

- Жеке куәлікті онлайн ауыстыру қандай жағдайларда мүмкін?

- Жеке куәлікті онлайн түрде тек оның қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда ғана ауыстыруға болады – құжат мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын немесе мерзімі өткеннен кейін 10 күн ішінде.

- Дайын құжатты қайдан және қашан алуға болады?

- Жаңа жеке куәлікті өтініш беруші алдын ала көрсеткен тіркеу пунктінен алуға болады. Құжатты дайындаудың стандартты мерзімі – 15 жұмыс күні.

- «Жеке куәлік пен паспортты беру» қызметі үшін мемлекеттік баж салығы қанша?

- Қызметтің стандартты түрі үшін мемлекеттік баж – 0,2 АЕК. Құжатты жедел рәсімдеу қажет болған жағдайда, үдетілген қызмет түрлері қолжетімді: 3 жұмыс күнінде – 1 771 теңге, 1 жұмыс күнінде – 3 372 теңге.

- Онлайн өтінім беру кезінде қандай ақпараттық қауіпсіздік шаралары қарастырылған?

- Өтінімді беру рәсімі заманауи деректерді қорғау әдістері мен қосымша сәйкестендіру факторлары қарастырылған қорғалған Digital ID жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Алдымен жүйе өтінім берушінің ЖСН

мен телефон нөмірін мобильді азаматтар базасы арқылы тексереді. Содан кейін тіркелген телефон нөміріне бір реттік күншія код (OTP) жіберіледі. Бұдан әрі пайдаланушы қосымша қорғау шарасы ретінде биометриялық сәйкестендіруден өтуі қажет. Мұндай тәсіл жоғары деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және үшінші тұлғалардың қызметке қол жеткізу мүмкіндігін толығымен болдырмайды.

- Биометриялық деректер қаншалықты сенімді қорғалған?

- Барлық биометриялық деректер «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның қорғалған контурында шифрланған түрде сақталады. Digital ID ақпараттық жүйесі ҚР ЦДИАОМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің талаптарына сәйкестігі жөніндегі актіге ие.

- Егер қолданушы биометриялық сәйкестендіруден өте алмаса не істеу керек?

- Кейбір жағдайларда пайдаланушылар биометриялық сәйкестендіруден өте алмауы мүмкін. Бұл бет-әлпетінің ерекшеліктеріне, операциядан кейінгі өзгерістерге, тыртықтардың болуына, жас ерекшеліктеріне немесе мимикаға байланысты болуы ықтимал.

Мұндай жағдайлар қызмет көрсетуден бас тарту болып саналмайды – бұл қауіпсіздік шарасы ретінде қарастырылған. Онлайн сәйкестендіруден өту мүмкін болмаған жағдайда, жүйе автоматты түрде балама нұсқа – ХҚКО арқылы рәсімдеуді ұсынады. Бұл ретте өтінім беруші өзіне ыңғайлы кез келген ХҚКО-ға жүгіне алады.

Қызмет туралы толық ақпаратпен eGov.kz порталындағы қызмет толқуынан танысуға болады.

Жаңашылдық ҚР Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

Директор - бас редактор
Неля ГОЦАР

Газеттің мәнік иесі:
«Газета «Вест»» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев каласы, Бағыр Баия көшесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyzu» газеті редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Копуков к-сі, 5 үй).
Тарапымы - 615

Газет аудан әкімінің, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басалым болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәніне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәнігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады